



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

желілері; ақпараттық іздестіру және ақпараттық анықтамалық жүйелер және т.б. Қазіргі уақытта АКТ модельдері әзірленуде, олардың кейбіреулері білім беру жүйесін зерттеуде сәтті қолданылып жатыр.. Алдымызда қанша жол болса да, біз біртабысқа апаратын жолды таңдапалуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Инновационные технологии в образовании / Под ред. Абылгазиева И.И., Ильина И.В. / Сост. Земцов Д.И. М.: МАКС Пресс, 2011. 141 с.
2. Официальный сайт <https://learningapps.ru/>
3. Зайцева С.А., Иванов В.В. Современные информационные технологии в образовании // <http://sgpu2004.narod.ru/infotek/infotek2.htm>
4. Национальный Институт Образования innovation@adu.by Управление информационных образовательных технологий Образовательного центра
5. Глоссарий. [Электронный ресурс]. Режим доступа: / http://www.glossary.ru/cgi-bin/gl_sch2.cgi?Rlttuig.outt:!!yl/

ӘОЖ 377.1

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

*Достаева Зарина Затыбекқызы
педагог–модератор, тарих пәні мұғалімі
Рахметова Кенжегуль Абдикаликовна
педагог–зерттеуші, тарих пәні мұғалімі
Юрий Гагарин атындағы мектеп лицейі
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы
Аса ауылы, Қазақстан
E–mail: zaika1986g@mail.ru*

Аннотация

Бұл мақалада функционалдық сауаттылықтылыққа сипаттама берілді. Тарих сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары қарастырылды. Тарих пәнінде өтілетін тақырыптардың мақсатына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыратын тапсырмалар топтамасы көрсетілді.

Түйінді сөздер: ұлттық, білім, құндылық, жаңартылған, функционалдық, сауаттылық.

Аннотация

В этой статье описана функциональная грамотность. На уроках истории были рассмотрены пути повышения функциональной грамотности учащихся. В соответствии с назначением тем, освещаемых в предмете истории, был представлен комплекс задач, повышающих функциональную грамотность учащихся.

Ключевые слова: Национальный, образование, ценность, обновленный, функциональный, грамотность.

Abstract

Functional literacy was described in the article. Ways to improve students' functional literacy were considered in history lessons. In accordance with the purpose of the topics covered in the subject of history, a set of tasks that increase the functional literacy of students was presented.

Key words: National, education, value, updated, functional, literacy.

Мұғалімнің айналысатыны–үнемі қозғалып, өзгеріп, өсіп–өркендейтін тірі адам болғандықтан біркелкі әдіспен табан алмай шектеліп қалуға болмайды...Сабақ беру үйреншікті жәй шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңа табатын өнер.

Жүсіпбек Аймауытов

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі қазіргі білім берудің стратегиялық мәселелерінің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда функционалдық сауаттылық әлеуметтік салауаттылықтың маңызды көрсеткішіне, ал мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы білім сапасының маңызды көрсеткішіне айналды.

«Функционалдық сауаттылық» терминін «сауаттылық» және «ең төменгі сауаттылық» ұғымдарымен бірге 1957 жылы ЮНЕСКО енгізді. Сауаттылық – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс істеу қабілеті. Ең төменгі сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу мүмкіндігі болып табылады.

Жалпы, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни

бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы мақсат жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын салалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру күрделі, көп жақты, ұзақ процесс. Түрлі заманауи педагогикалық технологияларды өз жұмысында сауатты үйлестіре отырып, шеберлікпен қалаған нәтижеге жетуге болады.

Елбасының тапсырмасы бойынша функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [1, б. 4] анық көрсетілген.

Функционалдық сауаттылық мазмұны сабақ барысында қалыптасады. Тарих және қоғамтану сабақтарында қалыптасатын функционалдық сауаттылықтың бірнеше негізгі түрлері бар, мысалы:

- сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде еркін сөйлеуді білдіретін коммуникативті сауаттылық;
- ауызша және жазбаша сөйлеуді барабар түсіну қабілеті;
- өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе білуі;

– ақпараттық сауаттылық оқулықтар мен анықтамалық әдебиеттерден ақпаратты іздеу, интернеттен ақпаратты алу, ақпаратты өңдеу және жүйелеу, талдай білуі және оны әртүрлі тәсілдермен ұсыну қабілеті;

– белсенділік сауаттылығы – ұйымдастырушылық қабілеттер мен дағдылардың көрінісі, атап айтқанда іс–әрекеттің мақсатын қою және ауызша тұжырымдау, жоспарлау және қажет болған жағдайда оны өзгерту, осы өзгерістерді ауызша дәлелдеу, өзін–өзі бақылауды, өзін–өзі бағалауды, өзгені бағалай алуды жүзеге асыру.

XXI ғасырда қоғамды дамыту үшін Функционалды сауатты адамдар қажет. Себебі қоғам көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатыр, сондықтан оқушыларға тек академиялық сауатты болу жеткіліксіз. Функционалды сауаттылықты қалыптастыру – заман талабына сай өскелең ұрпақтың өмірге бейімділігі, халықаралық стандарт деңгейінде сапалы білім мен тәрбие алуының негізгі құралы. Сол себепті қазіргі таңда оқушылардың Функционалды сауатты болуына баса назар аударуымыз қажет. Функционалды сауаттылықты дамыту барлық пән мұғалімдерінің күнделікті сабақ жоспарынан түспеуі қажет. [2, б 64]

Тарих ғылым және пән ретінде білімнің аса маңызды саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адамзаттың тарихын, жүріп өткен жолын, жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарихты білу әрбір адамға қажет әрі пайдалы. Сонда ғана адам өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы орнын, істейтін қызметін дұрыс анықтайды, келешегіне болжам жасай алады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Сөздің ең құдіреттісі тарих» деп баға берсе, Н.Карамзин «Тарих–әрбір ұлттың ең басты–кітабы» деп жоғары баға береді.

Ақпараттық сауаттылық элементтерінің бірі ретінде оқу сауаттылығы ерекшеленеді. Оқу сауаттылығы оқитудың ең маңызды нәтижесі болып табылады. Тарих және қоғамтану сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру оқулық мәтінімен жұмыс жасау арқылы жүзеге асады. Оқулық материалдарымен жұмыс сабақтың ең маңызды құрылымдық элементі болып табылады.

Көбіне балалар бұрын алған білімін өмірде қолдана алмайды. Талдау жасап, содан нәтиже шығаруды білмейді, берген мәліметті жинақтай алмайды, сабақ мақсаттарын анықтап, сол мақсатқа жету жолын таба алмайды. Сабақ барысында аз сөйлеп, өз ойын нақты жеткізе алмауы осының барлығы үлкен мәселе болып табылады.

Баланың қоғамда болып жатқан түрлі мәселелерден шығуы, өзінің пікірін айта білуі, жан–жақты дамуы, отансүйгіш болып қалыптасуы үшін тарихпәнінің алатын орыны ерекше. Себебі әр дәуірдің даму ерекшеліктерін ұғындырып, халықтың қоғамдық өмірін, арман–мақсаттарын таныту, олардың идеялық саяси көз–қарастарын қалыптастыру, әрбір тақырыптан этикалық–эстетикалық тәрбиені ұғындыра білу, жалпы адами мәдениетті қалыптастыру тарих пәнінің негізгі міндеті болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін әр тақырыпты өткен кезде функционалды сауаттылықты дамытатын тапсырмаларды қолдану қажет. Тапсырмаларды жасау барысында пән мұғалімі сабақтың мақсатына сәйкес алу қажет. Сабақ мақсаты ойлау дағдысының қай деңгейінде тұрғандығын анықтап алуы қажет. Егер сабақ мақсаты білу түсіну деңгейінде болса білу, түсіну деңгейдегі тапсырмалар, қолдану болса қолдану деңгейіндегі тапсырмалар, ал жоғары ойлау деңгейінде болса жоғары деңгейдегі тапсырмаларды құрастыру қажет. Сабақты дұрыс жоспарлаудағы басты мақсат, оқушының тақырыпқа деген қызығушылығын оятып, функционалды сауаттылығын арттыру. Сабақтың сәтті өтуі біріншіден мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден дұрыс жоспарлануына, үшіншіден оқушы мен оқушы қарым қатынасына, төртіншіден мұғалім мен оқушы қарым–қатынасына, бесіншіден орындайтын тапсырмаларға байланысты. Себебі

«Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім өзін ізденуге жетелейді» деген Ж.Дистерверг өз тұжырымдамасында.

Тарих сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру тетіктерін зерделеу арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру, өмірге бейім тұлға тәрбиелеу. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуды тарих пәнін оқытуда қолдану және оқушы білімін тереңдету мен сабақты шығармашылық ізденіспен меңгеруге әсерін тигізеді. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді [4, б 43].

Бірінші кезең – қызығушылықты ояту кезеңі. Бұл кезеңде оқушының тақырып туралы білетіндігі анықталады, белсенділігі артады, оқушыларды сабаққа технологиялық тұрғыдан дайындай отырып қызығушылықтарын ояту стратегияларының бірін қолданып сабаққа тарту.

Екінші кезең – мағынаны ашу кезеңі. Оқушы жаңа ақпараты бұрынғы білімімен ұштастыра түседі. Бұл кезеңді іске асыру үшін бірнеше тәсілдер бар. Олар – болжау кестесі, ойлан, жұптас, ортаға сал, сұрақ қоя білу, өзара оқыту т.б. осы тәсілдерді қолдану кезеңінде ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, шығармашылық іс-әрекетінің оянуы, бір сөзбен айтқанда өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

Үшінші кезең – ой-толғаныс яғни рефлексия білім алудың қорытындылау кезеңі. Оқушылар сабақ бойы алған білімдерін, түсініктерін өз сөздерімен баяндап бере алатын, жаңа білімдерін көрсете алатын кезең. Күнделікті оқыту үрдісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Бұл кезеңде оқушыларға «Тарихи диктант», «Венн диаграммасы», «Даталар сөйлейді» т.б. осы сияқты стратегиялар әр бірімен ой алмастыруын қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Тарих пәнінде «Ақиқат пен жалған», «Ішіне – сыртына», «Таза тақта», «Артығын алып таста» тапсырмалары арқылы оқушылар нақты ақпаратты табуға үйренеді.

«Аралдар тізбегі», «Жылдар сөйлейді», «Мағынаны таны», «Тарихи сынақ хат», «Венн диаграммасы», «РАФТ», «Сұрағын тап», «Тұлғаны таны», «Дөңгеленген жылдар», «Суреттер сөйлейді», «Тарихи есеп» тапсырмалары оқушылардың ойлау дағдыларын және математикалық сауаттылықтарын дамытады. Яғни оқушылар кез-келген мәселені шешу жолдарын, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып, өмірде қолдана алуға үйретеді.

«Ойлан, жұптас, бөліс», «Аялдама», «Көршіңе әңгімелеп бер», «Бірге ойлаймыз», ДЖИГСО, «Идеялар топтамасы», «Крестиктер, нөлдіктер», «Кезбе тілші», Мозайка тапсырмалары оқушыларды топпен жұмыс жасауға дағдыландырып, оқушы мен оқушы арасындағы қарым қатынасты, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым қатынасты жақсартуға, өздерінің ойларын еркін айта білуге, өз пікірлерін дәлелдеуге, үйрете отырып оқу сауаттылықтарын арттырады.

«Эссе жазу», «Жыраулар жыры», «Қанатты сөздер», «Егер мен», «Ғасырлар жырлайды» қосымша тапсырмалары оқушылардың жеке шығармашылық сауаттылықтарын дамытады.

Қайталау сабақтарында оқушылардың өткен тақырыпты толық меңгергенін білу үшін оқушыларды баяндаушы, сынаушы, талдаушы, сұрақ құрастырушы деп бөліп тапсырмалар беруге болады. Оқушылар өздері талдап, өздері бір-бірін бағалауға мүмкіндік алады. Баяндаушы әңгімені мазмұндайды, сынаушы баяндаушының жіберілген қателерін айтады, талдаушы баяндаушының жақсы жақтарын айтып, қорғап шығуы керек, сұрақ құрастырушы сұрақтар даярлайды.

Қоғамның қойып отырған талаптары да осы, ал қоғам талаптарына сәйкес болу үшін мұғалім кзіннің білімін жетілдіре, мінез-құлқын тәрбиелей, шығармашылық даму шараларын жүзеге асыра білуі керек. Нағыз мұғалім – өзін-өзі дамытып отыратын тұлға. Мұғалімнің кәсіби дайындығы, білім мен біліктері, оқу үрдісінің дұрыс бағытта жүруі тек шығармашылық қызмет арқылы жүзеге асатыны белгілі. Сонымен қатар жаңа технологияларды пайдалану да маңызды болып отыр. Бүгінде жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты, білімі қажет. Жаңа технологияларды өз тәжірибесінде тиімді қолданып жүрген ұстаздар ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта алады [4. Б. 27].

Қорыта келгенде тарих сабағында жоғарыда көрсетілген тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға көмектесе отырып, келесі нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- оқушыларды өздеріне мақсат қоя білуіне үйретеді;
- оқушыларға мамандық тандай білуге көмектеседі;
- жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға, тіл байлығын дамытады;
- өз ойын еркін жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
- өзін және өзгені бағалай білуге үйретеді;
- тарихи білімге талдау жасай алуға үйретеді;
- шығармашылық белсенділігін арттырып топта бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;

– өз бетімен білім алатын және өмірде қолдана алатын білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Осылайша, бұл жұмыс әдістері сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға, негізгі дағдылар мен дағдыларды дамытуға, ішкі өзін-өзі бағалауға тәрбиелеуге, оқушылардың оқу ынтасын арттыруға көмектеседі. Мұндай дағдыларды меңгерген оқушы болашақта проблеманы анықтап, оны шешудің жолдарын іздейтін жақсы маман, дербес тұлға болып қалыптасады.

Әлемдік педагогиканың барлық жақсы әдістерін бойына жинаған, инновациялық технологияларды қолдана отырып, функционалды сауаттылықты арттырып қазіргі заманға сай құзыреттіліктері дамыған, азаматтық позициясы бар тұлғаны қалыптастыру мұғалімнің басты міндеті болып табылады.

Адам ұрпағымен мың жасайды дейді дана халқымыз. Еге мұғалімрухы жоғары, білімі терең, ұшқыр ойлы азаматтар тәрбиелеп шығарса, тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз еңселі, тарихымыз мәңгілік болары хақ!

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Функционалдық сауаттылықты дамытудың 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс–шаралар жоспары.
3. Әбдіғұлова Б.К. Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары. Алматы, 2000
4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс–қимыл жоспары

УДК 378.1

РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННО–КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ КАК СРЕДСТВА ФОРМИРОВАНИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

*Достарбекова Эльмира Жумахановна
Тасильбаева Жанар Борисовна
Абдрахманова Лазат Кабденовна
учителя начальных классов*

*КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 31»
Отдел образования г. Семей управления образования области Абай
г. Семей, Казахстан
E–mail: nissan–125@mail.ru*

Аңдатпа

XXI ғасырды үздіксіз білім мен жаңа технологиялар ғасыры деп айтуға болады. Елді дамыту білім беруді дамытуға, оның мазмұндық және құрылымдық жаңаруына негізделеді. Қазіргі уақытта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың құзыреттілігін дамыту. Танымдық мотивтер кең мағынада баланың жаңа білімді меңгеруге ұмтылысы немесе жаңа білім алу тәсілдері болып табылады. Мультимедиялық жүйелер мен кешенді білім беру бағдарламаларын пайдалану білім алушыға үлкен мүмкіндік береді. Инновациялық технологиялар мектеп оқушыларының оқу–танымдық және ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі.

Түйінді сөздер: ақпараттық білім, инновация, ғылым мен технология, ақпараттық әдістеме.

Аннотация

XXI век можно назвать веком непрерывного образования и новых технологий. Развитие страны базируется на развитии образования, его содержании и структурном обновлении. В настоящее время одной из основных задач образования является развитие компетентности учащихся. Познавательные мотивы в широком смысле – это стремление ребенка к получению новых знаний или способы приобретения новых знаний. Использование мультимедийных систем и комплексных образовательных программ дает обучающемуся большие возможности. Инновационные технологии способствуют формированию учебно–познавательной и информационной компетенций школьников.

Ключевые слова: информационные знания, инновации, наука и технологии, инфор–мационная методология.